

«Симферополь ауылының ЖОББ мектебі» КММ

Балабақшаға арналған дидактикалық ойындар жинағы



Орындаған: Тәрбиеші Шарипова Айгуль Жасулановна

Түсінік хат

Дидактикалық ойындар – мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту үдерісінің негізгі әрі тиімді құралдарының бірі. Олар балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылып, білімді ойын арқылы меңгеруге, қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейтуге, танымдық белсенділігін арттыруға бағытталады. Дидактикалық ойындарды ұйымдастыру барысында балалардың ақыл-ойы, сана-сезімі, тілдік қоры, шығармашылық қабілеттері, ұсақ қол моторикасы мен логикалық ойлауы дамиды. Ойын арқылы бала еркін әрекет етеді, өз ойын жеткізе білуге, тапсырманы өз бетінше орындауға, шешім қабылдауға үйренеді.

Ойын кезінде әр баланың жеке қабілеті, қиялы, бастамашылдығы ашылады. Балалар ойын шартын сақтауға, ережеге бағынуға, өз әрекетін бақылауға, ойын желісін дамытуға дағдыланады. Сонымен қатар, дидактикалық ойындар ұжымдық қарым-қатынасты қалыптастырып, бір-бірімен тіл табысуға, жолдастарына көмектесуге, өзара келісімге келуге, әділ болуға тәрбиелейді. Дидактикалық ойындар балабақшада оқу іс-әрекетінде, еркін ойын кезінде, серуен барысында және үй жағдайында қолдануға ыңғайлы. Олар балалардың қызығушылығын арттырып, алған білімдерін бекітуге, өмірде қолдана білуге мүмкіндік береді.

Мақсаты:

Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ойын арқылы білім беру, олардың танымдық қызығушылығын арттыру, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін дамыту, тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру.

Міндеттері:

- дидактикалық ойындар арқылы балалардың ойлау, есте сақтау, зейінін дамыту;
- сөздік қорын молайтып, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;
- қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту;
- балаларды өз бетінше әрекет етуге, ойын ережесін сақтауға үйрету;
- ұжымда ойнау арқылы достық, ынтымақтастық, жауапкершілік қасиеттерін тәрбиелеу;
- шығармашылық белсенділігін арттыру.

Балабақшаға арналған дидактикалық ойындар

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және оқу үдерісін қызықты ұйымдастыру – маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Осы мақсатқа жетуде дидактикалық ойындардың алатын орны ерекше. Дидактикалық ойындар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, білімді ойын арқылы меңгеруіне мүмкіндік береді.

Дидактикалық ойындар оқу материалының мазмұнын жеңіл әрі түсінікті түрде қабылдауға, логикалық ойлауын, есте сақтау қабілетін, тіл байлығын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, олар оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастырып, ұжымда жұмыс істеуге үйретеді.

Бұл жұмыстың мақсаты – оқу-тәрбие процесінде дидактикалық ойындарды қолданудың тиімділігін анықтау және олардың оқушылардың білім сапасына әсерін талдау. Зерттеу барысында дидактикалық ойындардың түрлері, оларды қолдану әдістері және педагогикалық маңызы қарастырылады. Ойын бала өміріндегі тәрбиенің шешуші шарты. Бала өзінің қоршаған ортаны, өмір сүріп отырған айналасындағы заттарды ойын арқылы түсініп ұғынады. Және бұл үрдіс қатал түрде әр жеке баланың өзіне ғана тән. Бала тіршілігінің негізгі заңдарының бірі осындай» Баланы жақсы тану, жақсы түсіну үшін оны ойын кезінде бақылау керек. Бала ойын арқылы өзін толқытқан қуанышын немесе ренішін, асқақ арманын, мұрат-мүддесін бейнелесе, күні ертең сол арман қиялын өмірде жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Сөйтіп, бүгінгі ойын, бейнелі әрекет ертеңгі шындық ақиқатқа айналатын кезі аз емес. Сондықтан да педагог бала ойынына ерекше мән береді. Баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың, бойында оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы – ойын әрекеті, яғни, ойын – баланың жетекші әрекеті. Бірақ, ойын тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы болмай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек. Яғни, оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау негізгі міндет. Бала ойын барысында айнала құбылыс сырын танып сезінеді, себеп-салдарлық байланысты және тәуелділікті анықтауға тырысады. Айналадағы өмір құбылыстарын, ерекшеліктерін байқай отырып, білуге қызығушылығы туындайды осы сезім оны талпыныстарға жетелейді.

«Не артық?»

Мақсаты: Рәміз атауларын біледі.

Шарты: Суреттердің арасынан артығын табады, қалған суреттерді атап, сипаттайды.

«Қалай дыбыстайды?»


Мақсаты: Жануарлардың дыбыстарын ажырата алады.

Шарты: Жануарлардың дыбыстарын тыңдатып, ненің дыбысы екенін тапқызу.

«Қолғап»

Мақсаты: Қысқы киімдер туралы білімдері кеңейеді.

Шарты: Қолғаптардың жұбын табады.



«Көлеңкесін тап»

Мақсаты: Кір жуғыш машина туралы білімдері дамиды, қолдану мақсатымен танысады.

Шарты: Киімдердің көлеңкесін табады.

«Түстерін дұрыс тап»

Мақсаты: Түстерді ажыратады.




Шарты: Гүлдерге су құю түсіне сай орналастырады.

«Менің үйім»

Мақсаты: Үй туралы білімдері қалыптасып, үй құрылыстарымен танысады.

Шарты: Үйдің сұлбасы беріледі, онда жетіспейтін бөліктерді басқа суреттердің ішінен табады.

Көлеңкесін тап



«Қандай көлік?»

Мақсаты: Көліктердің не үшін керектігін баяндайды.

Шарты: Көліктердің суреттерін көрсетіп, оның не үшін керектігін анықтайды.

«Кімге не керек?»

Мақсаты: Мамандық иелерімен танысады, әр мамандықтың қажеттілігін түсінеді. Адам еңбегін бағалауға үйренеді.

Ойын шарты: Суреттегі мамандықтарды атап, оларға жұмыс барысында қандай құралдар керек екенін табады.

«Гүлдерді күтеміз»

Мақсаты: Гүлдер туралы жалпы түсінік қалыптасады, гүлдердің күтімімен танысады.

Ойын шарты: Гүлдерді екіге бөлу: дала гүлдерін газонның қасына ілу, ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою. Суреттер бойынша әңгімелету.



ТҮСТІ КӨЛІКТЕР

КӨЛІК ТҮРЛЕРІ



«Жыл мезгілдері»

Мақсаты: Мезгіл өзгерістерін ажырата алады.

Ойын барысы: Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкалары бар.

Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістерін көрсететін карточкаларды алып, сәйкес келетін мезгілдерге қояды.

«Қайсысы қайда тіршілік етеді?»

Мақсаты: Жануарларды ұқсас белгілеріне қарай таба алады, тіршілік ету орындарын ажыратып айтады.

Ойын барысы: Әртүрлі жануарлар мен құстар көрсетіліп, олардың қайда өмір сүретіні сұралады.

Оларды немен қоректенетінін айтқызады.

Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер енгізу үшін тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрауға болады.



Жаз



Қыс



Күз



Көктем

Жылдың төрт мезгілі



«Жасырынған жануарларды тап»

Мақсаты: Үй жануарлары туралы түсінік қалыптасады, жануарларға қамқорлық танытуды біледі.

Шарты: Ағаштардың артына жасырынған жануарларды табады.

«Құйрығын тап»


Мақсаты: Жануарлар туралы білімдерін кеңейтеді.

Шарты: Жануарлардың құйрығын табады.

«Не артық?»

Мақсаты: Ағаштар туралы білімдері қалыптасады, табиғатқа қамқорлық жасауға үйренеді.

Шарты: Ағаштарды гүлдерден ажыратып, артығын табады.



«Нан дастарханға қалай келеді?»

Мақсаты: Бидайдың қалай өсетінімен танысады, диқаншылардың еңбегін бағалауды біледі.

Ойын шарты: Жүргізушінің белгісінен кейін бос торкөздерді жарыса отырып, қажетті суреттермен толықтыру.

«Бұл қандай құс?»


Мақсаты: Белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстарды суреттей алады.

Ойын барысы: Жүргізуші қарлығаш пен тоқылдақтың суреттерін балаларға көрсетіп, әрқайсысының ерекшелігін суреттеп беруді ұсынады.


Балалар бұл құстардың ерекшелігін айтып, аттарын атайды. Бұл құстарды тағы қалай атауға болады? Олардың қандай пайдасы бар?

(Тоқылдақ – орман дәрігері, қарлығаш – адамның досы.)

Ұн тағамдары



Ұннан жасалған өнімдерді ата



Қорытынды нәтижелері

Зерттеу жұмысы барысында дидактикалық ойындардың оқу үдерісінде маңызды рөл атқаратыны анықталды. Оларды жүйелі әрі мақсатты қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, білімді саналы түрде меңгеруіне жағдай жасайды.

Дидактикалық ойындар оқушылардың ойлау қабілетін, зейінін, шығармашылығын дамытып қана қоймай, оқу материалын тәжірибе арқылы бекітуге мүмкіндік береді. Ойын элементтері қолданылған сабақтарда оқушылардың белсенділігі жоғары болып, өз пікірін еркін айтуға дағдыланатыны байқалды.

Қорытындылай келе, дидактикалық ойындарды бастауыш және орта буын сыныптарында тиімді пайдалану – оқу сапасын арттырудың маңызды құралы болып табылады. Сондықтан мұғалімдер сабақ барысында дидактикалық ойындарды орынды әрі әдістемелік тұрғыда дұрыс қолдануы қажет. Дидактикалық ойындар – оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастырудың маңызды құралы. Олар балалардың жас ерекшеліктеріне сай білімді жеңіл әрі қызықты түрде меңгеруіне мүмкіндік береді. Зерттеу және тәжірибе нәтижелері дидактикалық ойындарды жүйелі қолдану төмендегідей оң нәтижелерге жеткізетінін көрсетті:

- балалардың танымдық белсенділігі мен оқуға қызығушылығы артады;
- логикалық ойлау, есте сақтау, зейін қою, тілдік қабілеттері дамиды;
- балалар өздігінен шешім қабылдауға, шығармашылықпен ойлауға үйренеді;
- қарым-қатынас мәдениеті, ұжымда жұмыс істеу дағдылары қалыптасады;
- оқу материалы жеңіл қабылданып, білім сапасы жақсарады.

Қорытындылай келе, дидактикалық ойындар оқу үдерісін жандандырып қана қоймай, баланың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Сондықтан оларды сабақ барысында мақсатты, жоспарлы және жүйелі түрде қолдану – педагогтің кәсіби шеберлігінің маңызды көрсеткіші болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер

Әбілқасымова А.Е. Оқытудың белсенді әдістері. – Алматы: Білім, 2015.

Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 2014.

Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – Москва: Народное образование, 2010.

Тәжібаева Ш. Бастауыш сыныпта оқыту әдістемесі. – Алматы: Мектеп, 2016.

Выготский Л.С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка. – Москва, 2005.